

Шектеу іс-шараларын тоқтату және "Тарбағатай ауданының Сәтпаев ауылдық округінің "Жалғызтал" учаскесінде, Екпін ауылдық округінің "Берлібай" учаскесінде және Қызыл кесік ауылдық округінің Қызыл кесік ауылына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 05 қазандағы № 440 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 16 мамырдағы № 264 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Тарбағатай аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 21 мамырда № 5-16-134 тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-бабының 2-тармағының 10) тармақшасына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 46-бабының 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес және Тарбағатай ауданының аумақтық бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2018 жылғы 13 ақпандағы № 62 ұсынысы негізінде Тарбағатай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ірі қара малдардың бруцеллез ауруының ошақтарын жою жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар кешені жүргізілгеніне байланысты "Тарбағатай ауданының Сәтпаев ауылдық округінің "Жалғызтал" учаскесінде, Екпін ауылдық округінің "Берлібай" учаскесінде және Қызыл кесік ауылдық округінің Қызыл кесік ауылына шектеу іс-шаралары" алынсын.

2. Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 05 қазандағы № 440 "Тарбағатай ауданының Сәтпаев ауылдық округінің "Жалғызтал" учаскесінде, Екпін ауылдық округінің "Берлібай" учаскесінде және Қызыл кесік ауылдық округінің Қызыл кесік ауылына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5231 тіркелген, 2017 жылғы 11 қазандағы "Тарбағатай" газетінде және 2017 жылғы 17 қазанда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Д. Оразбаев